

Сыртқы шекарада дағдарысты жағдайлар туындаған кезде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекара әскерлерінің өзара әрекет жасауы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 5-II

Мәскеуде 1996 жылғы 17 мамырда жасалған Сыртқы шекарада дағдарысты жағдайлар туындаған кезде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекара әскерлерінің өзара әрекет жасауы туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Ресми емес аударма

Сыртқы шекарада дағдарысты жағдайлар
туындаған кезде Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығына қатысушы мемлекеттердің
шекара әскерлерінің өзара әрекет
жасауы туралы

Келісім

ТМД елдерінің ережесіне, Коллективтік қауіпсіздік келісімге, сүйене отырып, ТМД елдерінің басқа елдер арасындағы шекарасын тиімді күзетуді ТМД елдерді өз ұлттық заңымен, Хельсенки актіне сүйене отырып халық және мемлекет қауіпсіздігін, бейбітшілік үшін сыртқы шекараны шешімді, және бірлесіп қорғау үшін ТМД елдері төменгі келісімге келісіп қол қойды.

Төменгі келісімдерге келісілді:

1-ші бап

Төменгі келісімдегі терминдер мына мағыналарды түсіндіреді:

"Сыртқы шекара - ТМД-ға кіретін мемлекеттердің басқа мемлекеттермен (ТМД-ға кірмейтін) шекаралас шекара бөлігі.

"Шекара әскері" - ТМД-ға кіретін елдердің шекара әскері.

"Дағдарысты жағдай" - бірлесіп шешуді талап ететін сыртқы шекара бөлігіндегі әскери, саяси және әлеуметтік қақтығыс.

"Шекаралық топтар" - сыртқы шекара бөлігінде дағдарысты жағдай туған кезде, сыртқы шекараны күзетуді күшейту үшін ТМД елдерінен бөлінген шекара әскері мен қаржыны біріктіріп біріккен шекаралық әскери күш құру.

2-ші бап

ТМД-ға кіретін бір мемлекеттің (басқа ТМД-ға кірмейтін) мемлекетпен шекаралас сыртқы шекарасында да дағдарысты жағдай туған кезде ТМД-ға кіретін бір немесе бірнеше мемлекеттің өтініші бойынша, сыртқы шекараның дағдарыс туған немесе туатын жағдай болатын бөлігінде кеңес береді және сыртқы шекара бөлігінде дағдарыс жағдайдың шиеленіспеуі үшін көмек көрсетудің жолдарын қарастырады.

3-ші бап

Сыртқы шекара бөлігінде дағдарыс жағдай туған кезде, сыртқы шекарадағы жағдайды қалыпқа келтіру үшін ТМД-ға кіретін әр ел өз заңына сүйене отырып және мүмкіншілігіне қарай әскери күш құрады.

ТМД елдерінің шекаралық топтарының күші, қаржысы және дағдарыс жағдай болған сыртқы шекара бөлігінде болу шарты әрбір белгілі жағдайға байланысты шешіледі.

Шекаралық топтарды басқару ТМД елдерінің шекара әскерлерінің ұсынысы бойынша және сыртқы шекарасы бөлігінде дағдарыс жағдай туған мемлекеттің осындай органдарымен келісе отырып, ТМД елдерінің басшыларының кеңесімен тағайындалған шекаралық әскери қолбасшыға жүктеледі.

ТМД-ға кіретін елдер шекаралық топтар қолбасшының дағдарыс жағдай

туған шекаралық ауданда қолданатын басшылық ететін құқығы мен міндеттерін белгілейді.

4-ші бап

ТМД-ға кіретін елдер шекаралық топтарды ақшалай қаражатпен қамтамасыз етуді өз міндеттеріне алады.

Дағдарыс жағдай туған шекаралық аудандағы шекаралық топтардың іс-әрекетін қаржыландыру жолы, ақшалай қаржы өлшемі және материалды техникалық қаржыландыру ТМД елдерінің басшыларының кеңесімен анықталады.

5-ші бап

ТМД-ға кіретін елдер шекаралық топтардың дағдарыс жағдай туған сыртқы шекара ауданында болу уақыт мерзімін, ауданға кіріп шығу уақыт мерзімін және мерзімін ұзартуды анықтайды.

6-шы бап

Дағдарыс жағдай туған шекаралық аудандағы шекаралық топтардың әскери қызметкерлері сыртқы шекарасында дағдарыс жағдай туған мемлекеттің конституциясы мен заңын мойындайды.

Сыртқы шекара бөлігінде дағдарыс жағдай туған ТМД-ға кіретін мемлекеттің жерінде болған шекаралық топ әскери қызметкерлерінің юрисдикция сұрақтары төменгі келтірілгендей реттеледі:

1. Шекаралық топ әскери қызметкерлерінің уақытша жерінде болған мемлекеттің жерінде істеген әскери қылмыстарына осы мемлекеттің заңы қолданылады. Осы баптың 1-ші пункті төменгі жағдайларда қолданылмайды:

а) егер шекаралық топ әскери қызметкерлерінің әскери қылмысты істері олардың тұрғылықты жеріндегі халқы мен мемлекетіне қарсы болса;

б) егер шекаралық топтар әскери қызметкерлерінің әскери қылмысты істері уақытша жерінде болған мемлекеттің әскерінде болғандармен істелінсе.

Осы пункттің "а" және "б" бөлімінде көрсетілген істермен тұрғылықты мемлекеттің заңына сүйене отырып сот және басқа компетентті органдар айналысады.

7-ші бап

Сыртқы шекарасында дағдарыс жағдай туған мемлекетке көмекке келген шекаралық топқа казармалық және әскери қызмет қорымен, аэродроммен, көлікпен, байланыспен, телефон-телеграф байланысымен, радиобайланыспен және ақшалай

қаржыландыру сыртқы шекара бөлігінде дағдарыс жағдай туған ТМД-ға кіретін мемлекетке жүктеледі.

ТМД-ға кіретін елдер шекара топтарының әскери қызметкерлеріне құқықтың және әлеуметтік қорғауды кепілдікке алады.

8-ші бап

Сыртқы шекара бөлігінде дағдарыс жағдай туған ТМД-ға кіретін мемлекет

және басқа ТМД мемлекеттері дағдарыс жағдай туған шекара ауданындағы шекара топтарын қажетті ақпараттармен қамтамасыз етіп отырады.

Дағдарыс жағдай туған шекаралық аудандағы қимыл-әрекет жайлы шекаралық топ қолбасшысы ТМД-ға кіретін елдерді өз уақытында құлағдар етіп отырады.

ТМД елдері сыртқы шекараның дағдарыс жағдай туған аудандарындағы қимыл-әрекет жасауды бақылау жасау үшін қосымша келісім жасайды.

9-шы бап

ТМД-ға кіретін өзара келісіммен осы Келісімге қосымша өзгертулер енгізуге болады.

Осы келісімді түсіну және қолдану туралы келіспеушілік ТМД елдерінің келісімі мен өзара кеңесі арқылы шешіледі.

10-шы бап

Осы Келісім, осы Келісім күшіне ену үшін ТМД елдерінің ішкі мемлекеттік жағдайды тазалауды орындау туралы үшінші депозитарияны өткізгеннен кейін күшіне енеді.

11-ші бап

Келісім мерзімі бес жыл және әр бес жылдан кейін келесі бес жылға автоматты түрде ұзартылады. Кемінде алты ай бұрын депозитариді жазбаша түрде ескерту арқылы ТМД-ға кіретін әр ел осы келісімнен шығуына болады.

Осы Келісімге қосылуға басқа да ТМД-ға кіретін мемлекеттерге есік ашық.

1996 жылдың 17 мамырында Москва қаласында орыс тілінде түпнұсқа бір

дана болып жасалынды. Түпнұсқа данасы ТМД елдерінің атқару секретариатында сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әр ТМД мемлекеттеріне осы Келісімнің бекітілген көшірмесін табыс етеді (жібереді).

Азірбайжан Республикасы үшін Молдова Республикасы үшін

Армения Республикасы үшін Россия Федерациясы үшін

Беларусь Республикасы үшін Тәжікстан Республикасы үшін

Грузия үшін Түркменстан үшін

Қазақстан Республикасы үшін Өзбекстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін Украина үшін

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.